К.ТЭ. – 9 – 05

Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың мектепішілік кезеңі

Тәуелсіздік – ұлт рухының бастауы

Ойлау талғам мен танымның, өсу мен өнудің, өркендеу мен құлдыраудың бірден-бір өлшем-таразысы саналар, кез-келген ұлттың тарихын бағалап, тағдырын анықтауда басты рөль ойнайтын уақыт дейтін ұлы кеңістікке көз жүгіртсек, қай дәуірде де адамзат баласының тарихы азат ел, тәуелсіз ұлт болуға ұмтылған күрестерден құралатынын аңғарамыз. Осы жолда лықылдаған шайқастар, жүздеген соғыстар болған. Азаттық үшін бастарын бәйгеге тігіп, тәуелсіздік үшін жандарын пида қыла жүріп, алысып өткен ұлттар мен ұлыстар қаншама?

Тәуелсіздік дейтін киелі ұғымды тұмар тұтқан!

Сондықтан да біз үшін, яғни бүгінгі ұрпақ үшін Тәуелсіздік дейтін киелі ұғымның орны айрықша қадірі де қасиеті екені айтпай белгілі.

Иә...

Ұлы Дала жұрты үшін кеше көксеген арман болған сол тәуелсіздік бүгінгі ұрпақтың өмір сүру үлгісі анықтар ақиқатқа айналып отыр. Арманның ақиқатқа айналуы қандай ауыр жолдағы, кейінгі ұрпақ жасап білеріне елдігінің құнын бағалауға тиіс. „Тар жол, тайғақ кешулерді" артқа тастау арқылы жүзеге асқанын кезі ашық, көкірегі президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың сөзімен айтар болсақ, бүгінгі ұрпақ үшін „Тәуелсіздік – басты құндылығымыз". Біздің пайымдауымызда, ұлт үшін тәуелсіздіктен асқан қадірлі де қасиетті ұғымның болуы мүмкін емес. Тәуелсіздікті Тәңірдің тартуы еткен сыйы дейсіз бе, әлде, Ұлы Қаратүгінің арнайы жіберген сыйы дейсіз бе? Қалай болған да да, бұл ұғымда Көк пен Жер арасын жалғап жатқан бір құдіреттің күші мен қуаттың барын мойындауға тиіспіз. Бүгінгі ұрпақ – кешегі өткен жалғастардың жалғасы!

Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарында, әлемнің саяси картасынан тәуелсіз ел ретінде өз орнын алған бүгінгі Қазақ елі, сөз жоқ, сол Ұлы Далада әр дәуірде өмір сүрген үлкенді-кішілі мемлекеттердің заңды мұрагері. Еуразия кеңістігінде Қазақстан деген әрі байырғы, әрі жас, жаңа тұрпатты мемлекеттің қайтра жаңғыруы, аяғынан тұруы, әлемге танылуы, түбегейлі мойындалуы ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаев есімді тұғырлы тұлғаға тікелей байланысты. Елбасы сөзімен айтар болсақ, „дүние дидары өзгерген" жаңа дәуір ақиқаттарын таразы-талқыға сала отырып, ұлт әдебиеті мен мәдениетін „жұтылып кету" қаупінен сақтап қалу қамын жасауға кіріскеніміз де сондықтан...

Ұлт ертеңін ұшқыр алар ұрпақ өсіп келеді, өзгермейтін, халқымызбен мәңгі бірге жасайтын ең басты ең ұлы құндылығымыз – Тәуелсіздігіміз баянды болғай!